



ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕВОДА И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акумлы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатова С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

Дүниеде өзгермейтін, бір қалыпта тұратын ешқандай құбылыс жоқ. Адамның тіршілігінде де қиын-қыстау, тіршіліктің шарты-сүйіну, күйіну, жеңілу, жеңу. Кейде өмір жазығын сары далада жүргендей сайрандасың, кейде шатқалдарынан сүрінбей өтуге тура келеді. Сөйтіп, кейде жазылып жадырасаң, кейде жабығып, қамығасың. Өмір күрессіз, тартыссыз, зырғып өтер жылтыр мұз тақта емес деген ой түйеді ақын.

Қазақтың «Қамшының сабындай қысқа ғұмыр» деген сөздің идеясын Қожа Ахмет Ясауи өз туындыларында кеңінен қолданып, келешек ұрпаққа өшпес те, айқын із қалдырған ойшыл.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі грантымен қаржыландырылатын №АР14870245 «Ахмет Ясауидың «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Философиядағы адам проблемасы / <http://bigox.kz/filosofiyadagy-adam-problemasy/>
2. Қ. Ясауи Хикмет жинақ: Даналық сыр, - Алматы: «Жалын баспасы», 1998. – 656 бет.
2. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5-том. Астана: Айдарма, 2005. – 528 бет.
3. Әл-Фараби Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиев, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 656 бет.

ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАРАСТЫРУ

Ж.Н.Базарбекова

п.ғ.к., доцент м.а.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Астана

Аңдатпа: Осы мақалада шетел әдебиетінің тарихын оқыту барысында салыстырмалы әдебиеттанудың заманауи мәселелері жалпы мәдени-ғылыми дамудың негізгі үрдістерінен дара тұрмайтын әдеби құбылыстар дамуының жеке және ортақ пәнаралық заңдылықтарын анықтауға негізделген салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан кешенді талдау тәсілі ретінде қарастырылатыны қамтылған.

Аннотация: В настоящей статье современные проблемы сравнительного литературоведения в процессе изучения истории зарубежной литературы рассматриваются как способ комплексного анализа с точки зрения сравнительного литературоведения, основанный на выявлении индивидуальных и общих междисциплинарных закономерностей развития литературных явлений, которые рассматриваются в единстве с основными тенденциями общекультурно-научного развития.

Abstract: In this article modern problems of Comparative Literary Studies are considered as a comprehensive approach to analysis from the point of view of Comparative Literary Studies, based on the identification of individual and common interdisciplinary patterns of development of literary phenomena that cover main trends of general cultural and scientific development in the course of teaching the history of foreign literature.

Салыстырмалы әдебиеттану әдетте элеуметтік-тарихи әдістеменің құрамдас бөлігі болып табылатын әдебиеттану әдістерінің бірі ретінде қарастырылады. Шетел әдебиетімен таныстыру бағдарламасын әдебиеттану әдістемесінің философиялық негіздерін, әдебиетті зерделеу әдістерін, олардың құзыреттілік аясын қамти отырып құрастыру шетел филологиясы саласында білім алушылардың әдебиетаралық кеңістіктің заңдылықтары, оның негізгі формалары, жүйелеу және кезеңдеу қағидалары, заманауи әдебиеттану туралы толық түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы зерттеу үрдісінде айқындалатын көркем әдебиеттің белгілі бір мәдени кезеңдегі басымдыққа ие образдық ойлау жүйесіне қатысты мазмұны мен формасының жалпы

өзіндік ерекшеліктері, бір бағыттағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығына тән сарындар, стильдер, үрдістер әдебиет дамуының барлық кезеңінде өзгеріссіз қалатын типологиялық сипаттар болып табылады. Бұл ретте әдебиет үздіксіз өзгерістерге ұшырап, дамуының әрбір сатысында сол кезеңге тән өзінің мазмұны мен формасын табады, және де әрбір халық өзіне тән әлемдік бейнені, өзінің көркем-эстетикалық жүйесін, өз әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерін құрастырады.

Нақты-тарихи құбылыстар мен әдеби құбылыстардың арасындағы байланыс, олардың ауысуы мен дамуы әдебиеттің тарихын қалайтыны белгілі. Осы тұста ұлттық әдебиеттердің жалпы даму заңдылықтарымен қатар, әлемдік әдеби процестің арнайы ерекшеліктерін де айқындайтындай етіп, әдебиетті салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан зерделеу өзекті болып табылады. Әлемдік әдеби үдерістердің типологиялық байланыстарын зерделеу, әдебиет аралық мәнмәтіннің аясын, әдебиеттердің этникааралық синтезін, түрлер мен жанрлардың типологиясын, кезеңдер мен сатыларды, бағыттар мен үрдістерді, әдістер мен стильдерді анықтау қажеттілігі әдебиетті салыстырмалы тұрғыдан зерттеуді туындатты.

Салыстырмалы зерттеудің жалпы қағидаттары әдебиетаралық үрдістердің формалары мен заңдылықтары туралы түсінікті қалыптастырып, көркем мәтіндердің салыстырмалы талдауын жүргізуге қажетті практикалық дағдыларды меңгеруге, сондай ақ жалпы гуманитарлық көзқарасты кеңейтуге бағытталған. М.М.Бахтин өз еңбектерінде мәтіннің басқа мәтіндермен, яғни мәнмәтінмен ұштаса отырып өміршеңдікке ие болатынын атап өткен. Оның пікірінше мәтіндердің осылай тоғысуының арқасында жан-жағына нұрын шашатын сәуле пайда болып, осы мәтін өзара байланыстың түйінін шешеді.

Өзіндік және өзге жұмыстарды салғастыра отырып зерттеу мәдениеттің негізгі және мәңгілік іргесін қалайтынын атап өткен В.Н.Топоров оның мәдени кеңістіктегі адам болмысымен, тікелей байланысын, кез-келген құбылысты сәйкестендіру мен ара-жігін ажыратудағы маңызды орнын көрсетеді.

Салыстырмалы әдебиеттанудың пәнін, мақсаттары мен міндеттерін айқындауға арналған еңбектерге жасалған шолудың нәтижесінде «салыстырмалы әдебиеттану» термині Францияда Ж.Кювьең «салыстырмалы анатоми» терминімен аналогияда пайда болғанын көреміз, яғни бұл әдебиеттанудағы белгілі бір ұқсас бағытты білдіретін синонимдер: әдебиетті салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерделеу, салыстырмалы әдебиеттану, әдеби компаративистика және т.б.

Салыстырмалы-тарихи әдіс түрлі құбылыстар формасының ұқсастығының негізінде олардың генетикалық туыстығы, яғни олардың шығу тегінің ортақтығы туралы тұжырым жасалатын зерттеу тәсілі болып табылады.

Салыстырмалы әдебиеттану саласындағы алғашқы зерттеу талпыныстары 15-ғасырдың аяғына таман Германида бастау алғаны белгілі. Түрлі ұлттық мәдени және әдеби дәстүрлерді салғастыра зерттей отырып, неміс ғалымдары бірыңғай еуропалық және әлемдік кеңістіктің болуы туралы тұжырымға тоқталады. Түрлі халықтардың фольклорына мүдделілік танытқан И.Г.Гердерге Азия елдерін қоса алғанда, әлемнің түрлі халықтарының мәдениетін төменгі сатыдан жоғарыға дейін қарастыра отырып, жалпы адамзат қоғамының даму заңдылықтарын ашу тән. И.Г. Гердер «мәдениет», «дәстүр» ұғымдарының түсініктемесін беріп, әрбір халықтың мәдениеті тұрған ортасына, басқару жүйесіне, діни сенімдеріне тәуелді болатынын айта келе, адамзат дамуының тарихилығына ден қояды.

Гердердің еуропалық елдердің мәдени өмірінің ортақтығы туралы идеясын одан әрі жалғаған И.-В.Гете «әлемдік әдебиет» ұғымын енгізе отырып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің біртұтастығы туралы ой қозғайды.

Әдеби үрдіс ұғымының әлемдік әдебиетті дамытудағы «эволюциялық-қозғаушы күш» ретінде ұғынудан «белгілі бір елдің әдеби өмірі мен дәуірі құбылыстар мен деректердің тұтастығы» ретінде кең ұғымда қарастырылуы оның біртұтас аналитикалық парадигмаға негізделген интегралдықзерттеулер әдістемесіне айналуына алып келді. Осылайша заманауи салыстырмалы әдебиеттану әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы секілді екі ғылыми-философиялық бағыттардың тоғысуында өмір сүруімен қатар, талдаудың салыстырмалы әдістерінің және әдебиеттану компаративистикасы ғылыми жүйесінің негізінде іске асырылатын жалпы филологиялық және мәдениаралық мәселе болып табылады.

Негізін «жеке авторлық сана түрі» мен «синтетикалық» көркем сана анықтайтын мәдени нормативтік менталдықты шығармашылдықпен алмастырудың жалпы әлемдік үрдісі әдеби үдерістің категориялық аясына әдеби ерекшеліктермен қатар гуманитарлық білімнің басқа да салаларының да қамтылуына алып келгені сөзсіз. Бұл заманауи тұрғыда көркем және әдеби үдеріс ұғымдарын өзара үйлестіруге мүмкіндік беріп, көркем үдерісті эстетика, әдебиет теориясы, өнер теориясы мен тарихы, поэтиканың тоғысуында жататын санат ретінде айқындайды. Көркем үдерістің маңызды бөлігі дамушы жүйе ретінде қарастырылатын әдебите болып табылады. Бұл орайда әдеби үдерісті адамзат дамуының әдеби үдерісі ретінде қарастырған жөн.

Осылайша салыстырмалы әдебиеттанудың пәндік аясында әдебиеттен тыс құбылыстар да қамтылып, олар әдебиеттің көркемдік дамуындағы факторларды оның тарихи және әлеуметтік-мәдени даму тұрғысынан мәнмәтіндік зерделеу функциясын атқарады. Әрине, бұл салыстырмалы әдіс қағидаттарының жанаруына жетелеп, көркем өнерді бір мезгілде бірнеше ғылымдардың тығыз байланысында, яғни кең ғылыми мәнмәтінде зерделенуіне бағытталған кешенді талдау элементтерінен тұратын сандық және сапалық сипаттамаларды қамтуы сөзсіз. Салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан кешенді талдау тәсілі жалпы мәдени-ғылыми дамудың негізгі үрдістерінен дара тұрмайтын әдеби құбылыстар дамуының жеке және ортақ пәнаралық заңдылықтарын анықтауға негізделген.

Салыстырмалы әдебиеттанудағы кешенді тәсілді пайдалану әдеби үдерістің категориялық аппаратын құрайтын көркем құбылыстардың өзара әрекеттесуі мен өзара әсерлерінің тамыры тереңде жатқан себептерін анықтауға мүмкіндік беретін және де әлемдік әдебиет тұрғысынан да, сондай ақ жергілікті әдебиетаралық қоғамдастықтық тұрғысынан да оның генезисі мен қалыптасу динамикасын айқындайды.

Әдістемелік негіздегі кешенді зерттеулердің маңызды қағидасы «әдеби үдеріс» ұғымының аясындағы құбылыстарды жекеден жалпыға, имманенттіктен анағұрлым кең, мәнмәтіндік қырынан ашылуына жетелейтін ғылыми-типологиялық тұжырымдаудың түрлі деңгейлерінің кезеңділігі болып табылады. Салыстырмалы әдіс әдеби объектілердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтау тұрғысынан да, сонымен қатар қайсыбір деңгейдегі әдеби және мәдени объектілер мен құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға да қолайлы бірегей тәсілге айналады.

Әдебиеттанушы-компаративист И.Шайтанов компаративтік терминдердің заманауи шекарасын «жаһандастыру-интермәтін-мәдениеттер диалогы» үштігінің аясында нақтылау маңызды деп пайымдайды және мәдени кеңістіктегі шекаралар мәдениеттер диалогына мүмкіндік бере отырпы, аражігін ащумен қатар байланыстырушы қабілетіне де ие екендігін атап өтеді.

Салыстырмалы әдебиеттанудың заманауи мәселелерінің маңыздысы ретінде дара әдебиеттен ортақ әдебиетаралық үдеріске көшуді қамтамасыз ететін тарихи-эволюциялық толықтырымның функциялары мен көріністерін жандандыруды атап өтуге болады.

Қазіргі кездегі салыстырмалы әдебиеттану салсындағы орын алып отырған барлық түйінді және өзара қайшы мәселелерді шешу осы ғылыми бағыттағы айқындықты, сонымен қатар салыстырмалы зерттеу әдістемесінің бастапқы өлшемдерін айқындайтын тарихи-мәдени және теориялық аспектілерді қамтитын бірқатар ғылыми міндеттердің жүйеленуін талап етуі заңдылық.

Әдеби үдеріс өзара байланысты ұлттық-әдеби және әдебиет аралық жүйе арқылы жүзеге асырылатындықтан, әлемдік әдебиеттің динамикалық-эволюциялық қозғалысын қамтамасыз етеді, яғни салыстырмалы әдебиеттанудың мақсаты ұлттық әдебиеттен әлемдік әдебиетке дейінгі парадигатикалық ауқымдағы әдеби құбылыстардың типологиялық және генетикалық мәнін анықтаумен нақтылануы мүмкін. Сәйкесінше осы әдеби құбылыстың қалыптасу логикасын, оның әдеби үдерістегі функционалдық және құрылымдық болмысын ашу, сондай ақ әлеуметтік-әдеби феномен ретінде әдеби құбылысқа тән ішкі заңдылықтарын анықтау болып табылатын бірқатар міндеттері де айқындалады.

Заманауи салыстырмалы әдебиеттанудың алдында жеке ғылыми міндеттермен қатар, салыстырмалы әдебиеттануды жалпы филологиялық ғылымдардың ортақ жүйесіндегі ғылыми пән ретіндегі орнын анықтаумен байланысты ортақ ғылыми әдебиеттану мәселелері де тұр.

Ең алдымен, тарихи-әдеби мәнмәтіннің, әдеби үдерістер мен көркем әдебиетті талдаудың үйлесімділігін қамтитын салыстырмалы жүйелі талдаудың әдістемесін пысықтау қажет, содан соң тұратын мәселе-тарихи-әдеби және теориялық ұғымдарды бір арнаға тоғыстыратын заманауи категориялық ұғымды жүйлендіру болып табылады.

Салыстырмалы әдебиеттанудың басты үрдістерінің кешенділігін және жүйелілікті талап ететіндігін атап өте отырып, салыстырмалы әдебиеттануды шетел әдебиетінің тарихын оқыту барысында талқылау салыстырмалы әдебиеттануды зерделеу білім алушылардың бойында жалпы ғылыми мәнмәтіндегі салыстырмалы бағытқа негізделген заманауи концептуалдық тәсілдердің қалыптасуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.М. Руссо. «Сравнительное литературоведение». М., 1967.
2. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. Изд.второе./М.М.Бахитин.-М.,1979.
3. Топоров В.Н. Пространство культуры и встречи в нем/В.Н.Тоопоров// Восток-Запад. Переводы. Публикации.-М., 1989.
4. Голубков М.М. Литература второй половины XX века: размышления о новых подходах, новом учебнике и не только о нем // Вестник Московского университета. Сер. 9. Филология. 2002.
5. Теория литературы. Т. IV. Литературный процесс. М.: ИМЛИ РАН; Наследие, 2001.
6. Шайтанов И. Компаративистика и/или поэтика // Проблемы современной компаративистики. М.: Журнал «Вопросы литературы», 2011.
7. Маданова М.Х. Актуальные вопросы литературной компаративистики, 1999.

СПЕЦИФИКА И СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА ЭКОНОМИЧЕСКИХ БИЗНЕС ТЕРМИНОВ (НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСКОГО, РУССКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКОВ)

А.Т. Есенгельдинова
Докторант 1 курса
 ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
 Нур -Султан

Аңдатпа: Аталған мақала ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі бизнес терминдерінің өзгешеліктеріне арналған. Мақалада экономикалық терминологиясына қысқа мінездемесі беріледі. Автор ағылшын тіліндегі экономика бизнес терминдерінің аудару тәсілдерін көрсетеді. Мақалада экономикалық терминінің аудармасының нұсқалары қазақ, және ағылшын орыс тілдерде қарастырылған.

Түйін сөздер: термин, терминология, экономика, бизнес, банк ісі, аударма, кірме сөз, калькалау.

Аннотация: Данная статья посвящена особенностям и способам перевода экономических бизнес терминов в английском, казахском и русском языках на примере исследования англоязычных терминов банковского дела. В статье дана краткая характеристика экономической терминологии и проводится краткий обзор толкований и определений экономических терминов. Рассмотрена специфика перевода экономических терминов, варианты их перевода в казахском, русском и английском языках.

Ключевые слова: термины, терминология, экономика, бизнес, банковское дело, перевод, заимствование, калькирование.

Abstract. This article is devoted to the features and methods of translation economic business terms in English, Kazakh and Russian by the example of the study of English-language banking terms. The article gives a brief description of economic terminology and provides a brief overview of the interpretations and definitions of economic terms. The specifics of the translation of economic terms, their translation options in Kazakh, Russian and English languages are considered.

Key words: terms, terminology, economy, business, banking, translation, borrowing, calquing.